





## Аграрная политика: механизм реализации

Қазақстанның аграрлық өнеркәсіп кешені әрі қарай дамуы ауыл шаруашылық өнімнің ғылыми – техникалық прогрестің жеделдету мен оның жетістіктерін игерумен анықталады, ол арқылы аз уақыт ішінде жаңа енгізулер өзін ақтап, салынған қаражат өтеледі.

Соңғы жылдары республикада, Павлодар облысында да АӨК тауарының өсу тенденциясы байқалғанымен, оны дамытуда көптеген мәселелер бар. АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін көтеру кезінде өнеркәсіпте инновациялық технологиялар мен ақпараттық басқару жүйесін енгізу мәселелері өзекті боп табылады. Аграрлық өнеркәсіп кешенінің аймақта халықаралық бәсекелестік жағдайында дамуы оның ақпараттың уақтылы, шынайы таралуына, туындаған мәселелерді АӨК-нің барлық деңгейде шешу, басқару жүйесіне және өндіріске жаңа технологиялар, ғылым жаңалықтарын енгізуге байланысты болмақ [1,2].

Қазіргі экономиканың даму кезеңінде басқару жүйесін жетілдіру қажет. АӨК-нің басқару тиімділігін көтеру үшін ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін кеңінен қолдану керек (ҒТП): автоматтандырылған басқару жүйесі, жаңа технологиялар, заманауи коммуникация құралдары мен басқа инновациялар. Олар арқылы басқаруды жеделдету мен дәлдік деңгейін көтеру, өндіріс көлемі мен сапасын ұлғайту, қаржылай, еңбек, материалды-техникалық және т.б. шығындарды азайту, басқару және ұйымдық құрылымның жұмысын жақсарту. Алайда, қазіргі уақытта ҒТП-тің жетістіктерін енгізу үшін бірегей механизм, АӨК ұйымдарында мақұлданған әдіс жоқ.

АӨК-ға ҒТП аграрлық өнеркәсіп ғылым, техниканы игерген және прогресивті технологияларды тиімділігін көтеру мақсатымен техникалық, технологиялық, ұйымдық, әлеуметтік-экономикалық жағынан жетілдірілген боп көрсетіледі(1-кесте).

1 – кесте. АӨК-нің ғылыми-техникалық прогресс факторлары мен бағыттары

| ҒТП факторлары          | ҒТП-тің негізгі бағыттары   |
|-------------------------|---|
| Биологиялық             | Құстар мен жануарлардың жаңа түрлерін енгізу, ауыл шаруашылық өнімдердің жаңа түрлерін, гибридтерді құру; тұқым өсіру; биотехнология, өсімдіктердің, тамыр, жануарлардың биологиялық қорғанысы  |
| Техникалық              | Қолданыста бар машиналарды жетілдіру, жаңа түрлерін құру, механизация мен автоматизация, жаңа техника мен энергия көздерін енгізу   |
| Технологиялық           | Қолданыста бар машиналарды жетілдіру, жаңа түрлерін құру, экологиялық қауіпсіз өндіру технологиясы, ауыл шаруашылық өнімді сақтау мен қайта өңдеу, жеткізу  |
| Экологиялық             | Эрозияға қарсы қорғау ұйымдарын жүйеге енгізу, экологиялық таза өнімді шағаруды ұйымдастыру.  |
| Өндірістік-экономикалық | ҒТП арқылы аграрлық өндірістің тиімділігін ұлғайту; ҒТП-тің жетістіктерін енгізуді ынталандыру  |
| Ұйымдастырушылық        | ҒТП-ны жоспарлау, ҒТП-ны жеделдетуге бағытталған ұйымдастырушылық жүйені құру   |
| Құқықтық-нормативті     | ҒТП-ны жеделдетуге қарсы нормативті акттар мен заңдарды құру  |
| Әлеуметтік              | Кадрларды дайындау жұмысшыларға тұрмыста, жұмыс орнында қалыпты жағдай жасау  |
| Ақпараттық              | Тауар өндіретіндерді ғылым мен техника жетістіктері туралы уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін құру.<br>Ғылыми зерттеулердің тиімділігін көтеру компьютерлік жүйелер мен автоматтандырылған кешенді орындарды құру теориялық және эксперименттік жұмыстарды автоматтандыру анықтамалық базасы, ішінде интеллектуалды ізденісі бар локалдық ақпараттық желі құру, аймақтық, республикалық, халықаралық компьютерлік желінің сақталуы мен кіруге мүмкіндік ұйымдастыру |

Ғылыми-техникалық прогрестің бағытының бірі ақпаратпен қамтамасыз ету. АӨК-нің басқару жүйесінің барлық деңгейінде (республикалық, аймақтық, аудандық, шаруашылық ұйымдар) жедел әрі шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету және коммуникациялық тиімді жүйе құру үшін аграрлық өнеркәсіп

кластерін жаңа ақпараттық технологиялар енгізу арқылы құрылады (1-сурет).

Кластер түсінігінде географиялық тұрғыдан жақын компаниялар, құрал-жабдықтарды жеткізушілер, ғылыми-техникалық институттар, жоғары оқу орындары мен басқа ұйымдар, бірін-бірі толықтырып, жалпы кластерді күшейтеді (1-сурет).



Аграрлық өнеркәсіптік кластер – инновациялық бағытталған, территориялық локальды интеграцияланған құрылым, ауылшаруашылық өнеркәсіптің негізінде құрылған, АӨК-нің әртүрлі салалары енген, бағасына қосылған технологиялық, байланысқа жатады. Кластер элементтерінің бір-бірімен байланысы тауар, технология, ақпарат, қызмет арқылы жүзеге асады [3].

Кластерлер аймақтық органдарға әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жүзеге асыруға, аймақтық экономиканың бәсекелестік деңгейін жақсартуға, инновация мен арнайы территориялды экономикалық жүйені енгізуге мүмкіндік береді.

АӨК-ні басқару жүйесінде кластерлық тәсілді қолдану мен ақпараттық ресурстарды құру арқылы шаруашылықты басқарушы субъектер, өнімді тұтынушы (жұмыс, қызмет), ғылым және білім беру мекемелері, басқа да аграрлық өнеркәсіптің дамуында қызығушылығы бар субъектер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Қазіргі кезде ҒТП жетістіктерін АӨК басқару жүйесіне енгізу процесі әлсіздеу. Бұған басты себеп ретінде АӨК-нің қаржы ресурстарының жетіспеуі; өнеркәсіптердің ғылыми-техникалық прогресті меңгере алмауы; кадрлардың квалификациясының төмендегі; өнеркәсіптің инновациялық белсенділігін қолдайтын тиімді құрылымның болмауы; коммерциялық несиенің пайыздық төлемнің жоғарлығы мен мемлекетте экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы.

Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі болмауы аграрлық өнеркәсіп пен аграрлық ғылымның АӨК-нің инновациялық негізі ретінде іздеу, сақтау, ақпаратты жедел алу мен жеткізу, жұмысшыларға басқарма шешімдерін жеткізу мен әрі қарай бақылау сияқты жағдайларда тиімділігін түсіреді [4].

Біршама уақытқа созылған экономикалық құлдырау мен өнеркәсіптердегі қаржы жетіспеушілігіне қарамастан, заманауи компьютер технологиялары басшылардың күнделікті құралына айналды. Аграрлық өнеркәсіпті басқарып, болашақты ойлайтын сауатты менеджерлер тек қана өнеркәсіптік қуаттарды ғана емес, басқару жүйелерін де қайта құру мен жабдықтауды ойлайды. Өткен бірнеше жыл ішінде Қазақстанда ақпараттық технологияны басқару жұмыстарын автоматтандыруға қолданбаған ұйымдар қалмаған.

Қазіргі уақытта өнеркәсіптің жұмысын жетілдірудің негізгі әдісі – заманауи компьютерлік басқару технологиялары. Сонымен қатар жұмысшылардың еңбегін басқару автоматтандырылуы өндіруді автоматтандыру шығындарынан бірнеше есе арзан, ал нақты экономикалық тиімділігі бірнеше есе жоғары болуы мүмкін.

Павлодар облысы Қазақстан Республикасының ірі аймақтарының бірі. Аймақтың ауылшаруашылық егістік көлемі 11,2 млн га. Облыстың негізгі өсіретін өнімі - бидай барлық егістіктің шамамен жартысын қамтиды. Егістіктің 15-18% басқа астықтарға жатады. Бұдан бөлек облыста картоп, көкөністер мен бақша жемістері өсіріледі.

Павлодар облысының АӨК ақпараттық қамтамасыз ету басқармасының қазіргі деңгейі әкімшілік-басқармалық және өндіріс көлемдері, сапасы, беріктілігі, жеделдігі, ақпараттық технологияларды енгізген кездегі қауіптілік жағынан қанағаттандырмайды.

Қазіргі уақытта АӨК ұйымдарына ақпаратты жеткізе алатын аймақта ұйымдастық құрылым жоқ. ҒТП-тің жетістіктерін АӨК-нің басқару жүйесіне енгізуге АӨК ұйымдарының қаржылай қиыншылықтары мүмкіндік бермейді. Көпшіліктері несиеле болғандығы және инвестициялық белсенділігінің төмендігі ескеріледі.

2013 жылы Павлодар облысында ауыл шаруашылығында инвестиция негізгі капиталдың 6,9% құрады, оның 1% ғана бюджет қаражаты.

Павлодар облысының АӨК ұйымдарында рентабельдіктің төмен екендігі байқалады. Ауылшаруашылық ұйымдарда 2010-2014жж рентабельдік субсидияны ескергенде 21% құрады. Кейбір өндірілетін тауарлар шығынды ұйымдардың пайызы төмендегеніне қарамастан 2012-2014жж. Павлодар облысының тамақ өнеркәсібі ұйымдарының жалпы санынан 19% құрады.

Бұл айғақ аймақта жай өнеркәсіптің өнім шығарудағы қиындықтарын және ҒТП жетістіктерін АӨК ұйымдарына енгізуге ресурстар жоқ екенін көрсетеді. Бұл фактілер жақын уақытта бұл проблемаларды шешу қажет екенін, нарықта бәсекелестіктің күшейе түскенін және Қазақстанның ДСҰ-на кіргенін ескеру керек екенін көрсетеді.

Басқаруды жеделдіруді көтеру үшін дәстүрлі әдістер мен ақпараттық қызметтерді өзгертіп, жаңа технологиялар енгізіп, стратегиялық даму мен соның потенциалына көңіл аудару қажет.

Аграрлық өнеркәсіпті басқару циклмен өтеді, біржылдық цикл ішінде басқару акттарын қайталауды қажет етеді: мәселелер мен жағдайларды саралау; басқару шешімдерін таңдау; шешімдерді атқаруды ұйымдастыру; жағдайды бақылау, бағалау.

Басқаша айтқанда аграрлық өнеркәсіпте ақпарат қашан да қажет, себебі қандай болсын тиімді басқару ақпаратпен қамтамасыз етілмесе болмайды.

Қазіргі нарықтық заманда ақпарат тек АӨК-нің ішінде ғана емес, одан басқа жерде де қолданылатынын ескерсек, ақпараттық кеңістікті аграрлық кластер базасында құру


## Аграрная политика: механизм реализации

қажеттігі туады. Кластерлік тәсіл бір жерде ақпаратты жинау арқылы оған қатысты барлық қатысушыларға тиімді, басқару шешімдерін одан әрі жедел, әрі айғақты шешуге көмектесіп, субъектердің бәсеке қабілеттілігін нығайта түспек.

Ұсынылатын аграрлық өнеркәсіптік кластердің ақпараттық ресурстарды құру сызбасы 2-суретте.

Ұсынылған сызба бойынша жүйемен істейтін төрт орындаушы анықталады:

аграрлық кәсіптер, ауыл шаруашылығының аудандық бөлімдері, ауыл шаруашылығы басқармасы, Ауыл шаруашылығы министрлігі. Бірінші этапта аграрлық кәсіптер есептерін аудандық ауыл шаруашылық бөліміне береді. Кейін сараланған ақпаратты аймақтық ауыл шаруашылық басқармасына өткізеді. Ақпарат жеткізу жиілігі ара-тұра, аймақтық ауыл шаруашылық басқармасында ақпараттар сараланып, жоспарланып, АӨК-нің аймақта дамуына үдесін қосады.



2-сурет. Аграрлық өндіріс типті кластердің ақпараттық ресурстар сызбасы

Қазіргі кезде өнеркәсіп информациялық технологияларды тек кең қолданса ғана көшбасшы бола алады. Дұрыс шешім қабылдауға қандай ақпарат келетіндігі мен оны қалай қолданатынына байланысты болады. Оны нәтижелі қолдану үшін өнеркәсіптің ішіндегі факторлар жайлы ақпаратты құру керек, бірақ ол соңғы уақытта жетіспейді. Негізгі ақпаратты ауыл шаруашылық тауар өндірушілері аудан мен облыстық кеңес қызметтерінен алу қажет.

Кеңестік-ақпараттық қызметті аграрлық өнеркәсіп кешенін инфраструктурасы да қажетсінуде. Әрине әр бөлімге өз ақпараты мен оны жеткізу әдісі керек.

Бірегей ақпараттық кеңістікті құру арқылы АӨК-нің басқару мен өндіру тиімділігін көтереді, өндіріс шығындарын 10-12%, айналым 15-20%-ға төмендейді. Бұл ақпараттық технологиялар арқылы жан-жақты сараптау, жоспарлы көрсеткіштерді бақылау, шығын пайызын шығара алу, басқару тиімділігін бағалай алу мүмкін болмақ [5, 6].

Сонымен, АӨК ұйымдарында басқару жүйесін автоматтандыру басқаруда тез шешімдерді қабылдау, қаржыны үнемдеу, өндірісте әртүрлі жағдайларды болжай алу, өндірістегі және айналымдағы шығындарды азайту сияқты жағдарларға көмегін тигізеді.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1 Санду И.С. Развитие информационного обеспечения сельского хозяйства / И. С. Санду, В. Г. Савенко, В. В. Большакова. М.: ФГУ РЦСК. - 2007. - 146 с.

2 Амирова Д.А. Проблемы и перспективы развития информационных систем в АПК // Вестник молодых ученых Дагестана. Ежеквартальный научно-практический журнал. - Махачкала: ИД Наука плюс, 2009. - №2.

3 Батов Г. Особенности формирования агропромышленных кластеров в АПК /

Г. Батов, Л.Н. Сердюкова // Вопросы экономики и права. - 2011. - №12.

4 Карабасов Р.А. Проблемы реализации сельскохозяйственной продукции и пути их решения // Проблемы агорынка». - 2012. - №4 (октябрь- декабрь).

5 Баранова Н.А., Экономическая оценка сельскохозяйственного производства Северного Казахстана // Проблемы агорынка». - 2014. - №4 (октябрь – декабрь).

6 Богданова О.В. Методические аспекты кластерообразования в аграрном секторе экономики региона // Интернет-журнал Экономические исследования. - 2014. - №5.

### *Spisok ispolzovannyh istochnikov*

1 Sandu I.S. Razvitie informacionnogo obespechenija sel'skogo hozjajstva / I. S. Sandu, V. G. Savenko, V. V. Bol'shakova. M.: FGU RCSK. - 2007. - 146 s.

2 Amirova D.A. Problemy i perspektivy razvitiya informacionnyh sistem v APK // Vestnik molodyh uchenyh Dagestana. Ezhekvartal'nyj nauchno-prakticheskij zhurnal. - Mahachkala: ID Nauka pljus, 2009. - №2.

3 Batov G. Osobennosti formirovanija agropromyshlennyh klasterov v APK / G. Batov, L.N. Serdjukova // Voprosy jekonomiki i prava. - 2011. - №12.

4 Karabasov R.A. Problemy realizacii sel'skohozjajstvennoj produkcii i puti ih reshenija. Teoreticheskij i nauchno- prakticheskij «Problemy agrorynka». - 2012. - №4 oktjabr'- dekabr'.

5 Baranova N.A., Jekonomicheskaja ocenka sel'skohozjajstvennogo proizvodstva Severnogo Kazahstana. Teoreticheskij i nauchno – prakticheskij «Problemy agrorynka». - 2014. - №4 (oktjabr' – dekabr').

6 Bogdanova O.V. Metodicheskie aspekty klasteroobrazovanija v agrarnom sektore jekonomiki regiona // Internet-zhurnal Jekonomicheskie issledovanija. - 2014. - №5.